

Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 192 Жарлығы

Қазақстан Республикасында бала құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін жетілдіру мақсатында, қатысушы мемлекеттің Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясына бейілділігін растай отырып, әлемдік қоғамдастықтың балалар өмірі үшін қолайлы және мейірімді ортаны қалыптастырудағы күш-жігерін қолдай

о т ы р ы п **Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

1. Қазақстан Республикасында өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыратын Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты (бұдан әрі – Уәкіл) құрылсын.

2. Уәкілдің негізгі мақсаттары балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимылда балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Ә к і м ш і л і г і н е жү к т е л с і н .

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті *Н.Назарбаев*